

**Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету Нұсқауын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 5/3-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Риддер қалалық Әділет басқармасында 2008 жылғы 9 қаңтарда № 5-4-77 тіркелді. Күші жойылды - Риддер қалалық мәслихатының 2009 жылғы 24 шілдедегі N 18/9-IV шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Риддер қалалық мәслихатының 2009.07.24 N 18/9-IV шешімімен.*

*Р Қ А О е с к е р т п е с і .*

*Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6 бабын, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабын басшылыққа ала отырып Риддер қалалық мәслихаты

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету туралы Нұсқау бекітілсін (қосымша № 1).

2. Қалалық мәслихаттың шешімінің күші жойылды деп табылсын(қосымша № 2)

3. Осы шешім әділет органдарында тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жариялаудан кейін қызметіне кіріседі.

*Кезекті сессия төрағасы В. Дарий*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы А. Ермаков*

Риддер қалалық мәслихатының  
2007 жылғы 26 желтоқсандағы  
5 сессиясының № 5/3-IV шешіміне  
№ 1 қосымша

**Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін  
көрсету тәртібі туралы  
НҰСҚАУ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Аз қамтылған азаматтарға тұрғын-үй көмегі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 "Тұрғын-үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабына сәйкес беріледі.

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Риддер қалалық мәслихатының  
2008.04.17. N 7/7-IV шешімімен.*

2. Тұрғын үй көмегі өздері жылытатын жеке меншік құрылыстарында тұратын тұрмысы төмен отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі жылына бір р е т б е р і л е д і .

3. Тұрғын үй көмегі сол жерде тұрақты тұратын және тұрғын үйдің иелері немесе оның жалдаушысы (жалгері) болып табылатын тұрмысы төмен отбасыларына берілетін атауы әлеуметтік көмектің бір нысаны болып табылады.

4. Тұрмысы төмен азаматтарға үйді ұстауға тұрмыстық коммуналдық қызметке ақы төлеу үшін, тұрғын үй көмегін және қалалық телекоммуникациялық желісіне қосылған телефон үшін абоненттік ақыны ұлғайту бөлігіндегі байланыс қызметтерін тұтынуға ақы төлеу нақты шығындары осы мақсатқа шекті жол берілетін шығыстар үлесінен артқанда тағайындалады. Сондағы отбасының нақты шығындары әлеуметтік нормалардың шегінде есепке а л ы н а д ы .

5. Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет тұтынуға шекті жол берілетін шығыс үлесі отбасының жиынтық кірістерінің 6 пайызы мөлшерінде б е л г і л е н е д і .

*Ескерту. Тармаққа өзгерту енгізілді - Риддер қалалық мәслихатының  
2008.04.17. N 7/7-IV шешімімен.*

6. Әлеуметтік нормалар және тұрғын үй көмегін есептеуге алынған үйді ұстауға шығындарының мөлшері, коммуналдық қызметтерді (сумен, газбен, электрмен, жылумен қамтамасыз ету, канализация, қоқыс шығару және лифтерді қамту) және қалалық телекоммуникациялық желістерге қосылған телефон үшін абоненттік ақыны ұлғайту бөлігіндегі байланыс қызметтерін тұтынуға ақы төлеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес белгіленеді.

7. Телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттеріне телефон үшін абоненттік төлемнің арттыруларына өтемақы төлеу тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі № 949 «Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Тұрғын үй көмегін есептеу үшін алынатын барлық коммуналдық қызметтерге және олардың өзгерістеріне арналған тарифтерді қызмет көрсетушілер береді.

## **2. Тұрғын үй көмегін беру шарттары**

9. Жеке меншігінде 1 бірліктен артық тұрғын үйі (үйі, пәтері) бар немесе алу қ ұ қ ы ғ ы н а н а й р ы л а д ы .

10. Жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін, және «Риддер қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік

қамту бөлімі» мемлекеттік мекемесінде тіркелмеген адамдары бар отбасылар тұрғын үй көмегін алуға құқығы жоқ, оның ішінде 50 жастан асқандар ( жынысына қарамайды), 1-ші, 2-ші топтағы мүгедектерді күтетіндер, 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларды күтетіндер, 80 жастан асқандар немесе 7 жасқа дейінгі баланы тәрбилеумен шұғылданатындар, 18 жасқа дейінгі 4 не одан да көп балаларға қарайтын аналар; өзін (өзін жұмыспен қамтыған) жұмыспен қамтитын тұлғалар; туберкулез, наркологиялық, онкологиялық сырқаттар ретінде тіркеуде тұрған, мүгедектік топта емес, азаматтар; 8 аптадан кем емес аяғы ауыр әйелдер кірмейді. Жедел әскери қызметтегі әскери қызметкерлер отбасының құрамында е с е п т е л м е й д і .

*Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - Риддер қалалық мәслихатының 2008.04.17. N 7/7-IV шешімімен.*

11. Жұмыссыздар ұсынылған жұмыстан немесе жұмысқа орналасудан себепсіз бас тартса және өз еркімен қоғамдық жұмысқа, оқыту мен қайта оқытуға қатыспаса, тұрғын үй көмегін алу құқығынан алты айға айрылады.

12. Тұрғын үй көмегін өтінген кезде коммуналдық қызмет ақысы үшін берешектері бар отбасыларына, қарыздарына қарамастан, ережеге сәйкес, есепке тіркеген сәттен бастап ағымды төлемдерді тұрақты төлеу шартымен тұрғын үй жәрдемақылары тағайындалады. Бұрынғы қарызының өтелуі коммуналдық қызмет көрсетушілермен келісіліп бақыланады.

13. Тұрғын үй көмегін тағайындау бөлімі әзірлеген кесте бойынша тоқсан айын тұрғын үй көмегін алушы отбасылары қайта аттестAUDAN өткізіледі. Бұл орайда, отбасының табыстары туралы анықтамалар және өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанның коммуналдық қызмет ақыларының төленгендігі туралы түбіртектер қоса беріледі. Алдыңғы тоқсанның коммуналдық қызмет ақысының бөлігі төленсе немесе төленбесе тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

14. Егерде тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметі нормативтері және тарифтері нақты заң тәртібімен анықталмаса, белгіленген коммуналдық қызметті тұтыну нормативтерінен арттырылмай шығын өтемі нақты шығындар бойынша жүргізіледі. Коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеу құралдары бар тұтынушылар үшін есепке алынатын шығындар алдындағы тоқсандағы немесе ақырғы тоқсанның нақты шығындары бойынша қызметтерді пайдалану нормативтері арттырылмай, есептеу құралдарының көрсеткіштері негізінде, толық көлемде көрсетілгенде анықталады.

15. Егер отбасының әр мүшесіне шаққанда отбасының жиынтық табысы кедейліктен төмен мөлшерде болса, үйді ұстау және тұрғын үй коммуналдық қызметті төлеу үшін тұрғын үй көмегін көрсетудің жиынтық мөлшері Қазақстан Республикасының сәйкес мерзімдегі айлық есептік көрсеткішке (кемиді) р е т т е л е д і .

16. Жалғыз басты зейнеткерлердің, мүгедектердің, бірге тұратын жалғыз басты зейнеткерлерді, бірге тұратын зейнеткер мен мүгедекті және жалғыз тұратын ерлі-зайыпты зейнеткерлер мен мүгедектердің, сондай-ақ құрамында жетім балалары бар отбасыларының құқықтарын белгілеп, тұрғын үй көмегін есептегенде, оларды қолдау мақсатында, табыстары Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген уақыттың тиісті мерзімінде екі көрсеткішке (кемиді) р е т т е л е д і .

17. Орталықтан жылитын жеке үйде тұратын тұрмысы төмен отбасыларының тұрғын үй көмегін есептегенде, қызмет көрсетушілердің тұрғын үй көмегі әлеуметтік нормасының шегінде жоғалтылған жылудың көлемі тарифтерде е с е п к е а л ы н а д ы .

18. Тұрғын үй көмегі үйлеріне жылыту мезгілінде жылу мен ыстық су қосылмаған және пәтерлері жергілікті жылыту құралдары арқылы жылитын пәтерлер иелеріне тағайындалады. Электр қуатының төлемі жылытумен ыстық судың, тұрғын үй көлемі нормасымен қызмет көрсетушілердің тарифтеріне сәйкес көлеміне эквивалентті есептеледі.

19. Тұрғын үй көмегіне үміткер отбасыларына тұрғын үй көмегін тағайындаған кезде мына шектеулер есепке алынады:

1) арыз беруші заңды некеде болса, бірақ зайыбы сол мекенжай бойынша тіркелмеген болса, ерлі-зайыптылардың екеуінің де табыстары есептеледі және жәрдемақы өтінгеннің мекенжайы бойынша тағайындалады;

2) арыз беруші заңды некеде болса, бірақ зайыбының қазіргі тұрғылықты жерін білмесе (көрсетпесе) және құқық қорғау органдарын бұл туралы мәлімдемесе, жәрдемақы тағайындалмайды;

3) арыз берушінің үйінде 18 жасқа дейінгі бала тіркелген жағдайда, ол баланың ата-анасының табыстары туралы анықтаманы тапсыру қажет;

4) арыз беруші оқу орнының күндізгі бөлімінде оқып, жалғыз тұрған жағдайда ата-анасының табыстары туралы анықтаманы тапсыру қажет.

20. Тұрғын үй жәрдемақыларын алуға үміткер немесе алушы отбасылары оны рәсімдеу үшін өтінішімен қоса мынадай құжаттарды ұсынады:

1) төлқұжат немесе жеке басының куәлігі (көшірмесі- жылына бір рет келесі жылдық қайта аттесттау немесе қандай да болса өзгерістер болған жағдайда, түпнұсқасы - тоқсан сайын);

2) азаматтарды тіркеу кітабы (көшірмесі - жылына бір рет келесі жылдық аттестаттау мекемесіне қандай да болса өзгерістер болғанда, түпнұсқасы - тоқсан сайын);

3) үйдің немесе пәтердің төлқұжаты (тоқсан сайын)

4) Тұрғын үй құқығын растандыратын құжат (жылына бір рет келесі жылдық қайта аттестаттау немесе қандай да болса өзгерістер болғанда), немесе жал

ш а р т ы ( ж а л д а у ) ;

5) отбасы табыстары туралы анықтама және басқа да мәлімделген табыстар ( ө т к е н т о қ с а н ғ а ) ;

6) барлық коммуналдық қызметке және байланыс қызметіне ақы төлеу туралы түбіртектер (өткен тоқсанға), түбіртектер жоғалған жағдайда анықтама қағаз немесе коммуналдық қызметтермен салыстыру актісі;

7) жұмыссыз болып табылатыны туралы анықтама (тоқсан сайын);

8) жеке меншік шаруашылықтары бар екендігі жайлы мәліметтер, немесе поселкелік әкімдіктің актісі (жылына бір рет немесе өзгерістер болғанда);

9) отбасы жағдайы туралы құжаттар (туу туралы куәліктің, неке туралы куәліктің неке бұзу туралы, ерлі-зайыптының бірі қайтыс болғаны туралы к у ә л і к т е р д і ң ) .

*Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - Риддер қалалық мәслихатының 2008.04.17. N 7/7-IV шешімімен.*

21. Тапсырылған құжаттардың қорытындысы бойынша отбасына шарт-өтініш жасалады, оған отбасының жиынтық табыстары және әлеуметтік төлемдер енгізіледі. Шарт-өтінішке отбасы өкілінің немесе отбасының атынан сөйлейтін тұлға және құжаттарды қабылдайтын тұлғаның қолы қойылады.

22. Өкілетті органның шешімі тұрғын үй жәрдемақысын берудің негізі болып т а б ы л а д ы .

23. Электрмен, газбен, жылумен, сумен қамтамасыз ету, канализация, қоқыс шығару лифттерге қызмет көрсету және үйді ұстау және байланыс қызметі төлемдерінің есебі түбіртектер мен анықтамалар бойынша алынады, газға анықтама өткен тоқсанның орта есебі бойынша есептеледі.

24. Тұрғын үй көмегі өтініш және басқа құжаттар тапсырылған айдан бастап тағайындалады, кезекті тоқсан сайын қайта аттестаттау белгілі есептерге байланысты өтпегендерден басқа (өтінушінің ауыруы, курорт, шипажайда емделуіне, туысқандарының ауыруына немесе қайтыс болуына байланысты т ұ р ғ ы л ы қ т ы ж е р д е б о л м а с а ) .

25. Тұрғын үй көмегін алушы немесе тұрғын үй көмегі мамандары жасаған тізім бойынша тоқсан сайынғы аттестаттаудан өтетін отбасылары құжаттарды дайындағанына қарамастан, тұрғын үй жәрдемақысын тоқсанға алады. Тоқсандық ағымды кестелер бойынша қайта аттестаттаудан өтпеген отбасыларға тұрғын үй көмегі өтініш жасаған айдан бастап тағайындалады.

26. Тұрғын үй көмегін алушылар 10 күн ішінде тұрғын үй көмегі мамандарына өз тұрғын үй меншіктерінің, отбасы құрамының және оның жиынтық табыстарының, мәртебесінің өзгергені туралы хабарлау керек.

27. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде туған наразылықтар қалалық депутаттар мәслихатының сессиясы бекіткен құрамдағы қалалық учаскелік

комиссия арқылы шешіледі.

28. Берілген ақпараттың шындығы және дұрыстығы туралы күмән пайда болса, тұрғын үй көмегін тағайындайтын мамандар отбасы табыстары, тұрғын үй шығындары және отбасы мүшелерінің тұрғылықты жерлері туралы ақпаратты талап етуге құқылы.

Заңды және жеке тұлғалар ақпаратты беруге міндетті.

Талап етілген құжаттар ұсынылмаған жағдайда тұрғын үй жәрдемақысы тағайындалмайды. Тұрғын үй қызметіне алдын ала жалған мәліметтер бергені үшін жалгерлер (немесе меншік үйдің иесі) құқықсыз алған соманы өз еркімен қайтарады, ал бас тартқан жағдайда сот арқылы шешіледі.

### **3. Тұрғын үй көмегінің мөлшері**

29. Тұрғын үй көмегінің мөлшері меншік үй иесінің (жалгердің) өтемдік шараларымен қамтамасыз етілетін нормалар шегінде үйді ұстауға және коммуналдық қызметке ақы төлеу мен отбасына осы мақсаттарға шекті жол беретін шығыс деңгейінің айырымы ретінде есептеледі.

Тұрғын үй көмегінің мөлшерін белгілеу тұжырымы:  
П - МСПЖ -  $(t \times d)$ ,  
П - тұрғын үй көмегінің мөлшері,  
МСПЖ - тұрғын үйге ең жоғарғы әлеуметтік төлем,  
t - тұрғын үй төлеміне нормативтік шығын (= 6%)  
d - отбасының жиынтық табыстары.

*Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - Риддер қалалық мәслихатының 2008.04.17. N 7/7-IV шешімімен.*

### **4. Тұрғын үй жәрдемақыларын алуға үміткер азаматтардың (отбасылардың) кіріс жиынтығын есептеу**

30. Жиынтық табыстарының есептелуі азаматтың (отбасының) табысын белгілеуге тұрғын үй көмегін тағайындайтын өкілетті органмен жүргізіледі.

31. Отбасының жиынтық табыстарын есептегенде табыстардың барлық түрлері тұрғын үй көмегіне өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанда нақтылы алынған тұрғын үй және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, қайтыс болғандарды жерлеу және бала туғандағы, 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы; ең төменгі өмір сүрудің минимумімен бекітілген көрсеткіштің жалпы сомасын есептеу мерзіміндегі көрсетілген ақшалай және натуралды түрдегі қайырымдылық көмегі; төтенше жағдайлардың салдарынан оның денсаулығына және мүлігіне жасалған зиянды қайтарудың мақсатында отбасына көрсетілген материалды көмек; Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мүгедектерге бөлінген емдік дәрі-дәрмектер, санатория-курорттық емдеулер, протезді-ортопедиялық құралдар (жасау және жөндеу), жылжымалы құралдар (кресло-коляска) және басқа қайта оралу

құралдары ретінде жасалған натуралды көмек түрлері; білім туралы заңнамасына сәйкес білім беру ұйымдарында жасалған тегін тамақтану және көмек; халықтың қоныс аудару, тұрғылықты орынға жүру және мүлігін өткізу (сонымен қатар малды), көшіп келген орны мен біржолғы жәрдемақыны төлеу бойынша оралмандарға шығындарды қайтару мәселелері жөніндегі заңнамалық актілерімен қаралған құралдары бір жолғы төлемдерден басқалары есепке алынады. Жиынтық табыс өтінушінің алған табыстары жөнінде ұсынылған мәліметтердің негізінде есептеледі.

*Ескерту. 31-тармаққа өзгерістер енгізілді - Риддер қалалық мәслихатының 2008.04.17. N 7/7-IV шешімімен.*

32. Ауылдық жердің тұрғындары үшін үлкен мал басынан бір бас болғандағы жеке қосалқы шаруашылықтан табыс (саяжай, учаскелерінен, аулалық учаскелерден, бақшалардан түсетін табыстарды қоспағанда) тоқсанда үш есептік көрсеткіш мөлшерінде есепке алынады, үлкен мал басынан екі және одан көп болғанда бес есептік көрсеткіш мөлшерінде есепке алынады.

33. Қала тұрғындары үшін үлкен мал басынан бір бас болғандағы жеке қосалқы шаруашылықтан табыс (саяжай, учаскелерінен, аулалық учаскелерден, бақшалардан түсетін табыстарды қоспағанда) тоқсанда үш есептік көрсеткіш мөлшерінде есепке алынады, үлкен мал басынан екі және одан көп болғанда төрт есептік көрсеткіш мөлшерінде есепке алынады.

34. Жиынтық табысын есептегенде өнімді жасқа толмаған үй малы есепке алынбайды. Кәсіпкерлік қызметтен, мүліктен және жер пайынан түсетін табыстар мәлімделген болып саналады.

35. Құжаттамаларды расталған табыстар түрлеріне еңбектен, зейнетақыдан, жәрдемақыдан және алименттерден, ЗТМО біржолғы төлемақы түсетін табыстар ж а т а д ы .

*Ескерту. 35-тармаққа өзгерту енгізілді - Риддер қалалық мәслихатының 2008.04.17. N 7/7-IV шешімімен.*

Отбасының жиынтық табысы алименттердің есебінен саналады, егер төлеуші:

1) жұмыс істемейтін және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өкілетті органда жұмыссыз болып тіркелмеген (анықтама ұсынылғанда);

2) бас бостандығынан айыру жерлерінде немесе уақытша ұстау изоляторында болған (анықтама ұсынылғанда);

3) туберкулез немесе психоневрологиялық диспансерлерде (станционарларда), емделу-еңбек профилакторийлерінде (ЕЕП) емделуде немесе есепте болған ( а н ы қ т а м а ұ с ы н ы л ғ а н д а )

4) Қазақстан Республикасында тиісті келісімі жоқ мемлекеттерге тұрғылықты жерлерге тұруға кеткен (анықтама ұсынылған) жағдайларда.

36. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі № 1063

қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тұрғындарды тіркеу және құжаттау Ережесіне сәйкес тіркелген тұлғалар отбасы құрамына есептеледі. Отбасының жиынтық табыстары өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға отбасының барлық мүшелерінің және осы мекенжай бойынша тіркелген басқа да адамдардың табыстарын қосу жолымен есептеледі.

37. Отбасының ортақ жандық табыстары 1 айға отбасының жиынтық табыстарын отбасы мүшелерінің санына және 3 айға бөлу жолымен есептеледі.

38. Өтініш берушілер Қазақстан Республикасы Заңдары белгілеген тәртіппен ұсынған мәліметтердің күмәнсіздігіне жауапты.

**5. Өздері жылытатын жеке меншік құрылыстарында тұратын тұрмысы төмен отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақыларын ұсыну тәртібі**

39. Өздері жылытатын жеке меншік құрылыстарында тұратын тұрмысы төмен отбасыларына тұрғын үй жәрдемақысы үй иесіне, жалдаушылар тұратын үйді жалдауға келісім - шарт болғанда беріледі.

40. Өздері жылытатын жеке меншік құрылыстарында тұратын тұрмысы төмен отбасыларына тұрғын үй көмегін есептеу үшін көмірдің әлеуметтік шығыны жалпы ауданның 1 шаршы метріне 129,8 кг, бірақ бір үйге 5000 кг. а с п а у ы к е р е к .

41. Көмірдің құнын есептеу үшін "Риддер қ. экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ-мен берілген тұрғын-үй көмегін есептеу тоқсанының (желтоқсан, наурыз, маусым, қыркүйек), соңғы ай тоқсанының жағдайы бойынша қала шетіндегі қатты отынның нақты бағалары ескеріледі.

*Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - Риддер қалалық мәслихатының 2008.04.17. N 7/7-IV шешімімен.*

42. Өздері жылытатын жеке меншік үй құрылыстарында қолданылатын басқа отын түрлерінің құны мен шығын нормасын, тұрғын үй көмегін есептегенде, көмірдің құны мен шығын нормасына эквивалентті деп есептеледі. Отын сатып алғаны туралы түбіртек болмаған жағдайда тұрғын үй көмегін көрсететін о р г а н д а р а к т ж а с а й д ы .

43. Көмір сатып алу маусымдыққа байланысты болғандықтан, көмірдің тұрғын үйге барлық әлеуметтік шығын нормасын (көмірдің құнын) өтініш жасаған тоқсанның үш айы бір мезетте алынады.

44. Тұрғын үй көмегін есептегенде жеке меншік үй құрылысында тұратын отбасының табысын өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға есептеу керек.

45. Электрмен, газбен, сумен қамтамасыз ету, қоқыс шығару бойынша өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанындағы түбіртектер бойынша отбасының о р т а ш а т а б ы с ы а л ы н а д ы .

46. Тұрғын үй көмегін есептегенде, жыл бойы тұрғын үйі көмегін алғаннан



бастап, көмір алған уақытқа қарамастан, отбасы алған көмірдің мөлшері және құны көрсетілген түбіртек (анықтама ұсынылады).

## **6. Тұрғын үй көмегінің қаржыландырылуы мен төлемі**

47. Тұрғын үй көмегі қала бюджеті есебінен керсетіледі. Тұрғын үй көмегі ақшалай төлем ретінде тағайындалады.

48. Тұрғын үй төлемінің көлемі осы мақсаттарға жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттар есебінен азаматтардың салымы бойынша шоттарына енгізу жолымен екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі тиісті банктер) арқылы жүргізеді. Тұрғын үй төлемінің тәртібі мен шарты «Риддер қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» мемлекеттік мекемесі және тиісті банктер арасындағы жасалған агенттік келісіммен белгіленеді.

49. Қазақстан Республикасының тиісті банктердің филиалдары жоқ елді мекендерінде белгіленген төлемдер «Риддер қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі анықтаған агенттік келісіммен белгіленеді.

## **7. Тұрғын үй көмегін есептеуде қолданылатын, коммуналдық қызметтерді қолданудың нормативтері мен шығындарының мөлшері**

50. Аумақтың мөлшері:

- 1) жалғызбасты тұратын азаматтарға - 40 шаршы метрден артық емес;
- 2) екі адамнан тұратын отбасына-50 шаршы метр;
- 3) үш адамнан тұратын отбасына - 55 шаршы метр;
- 4) төрт және одан көп адамнан тұратын отбасына - әрқайсысына 18 шаршы метр, бірақ 100 шаршы метрден көп емес.

*Ескерту. 50-тармаққа өзгерістер енгізілді - Риддер қалалық мәслихатының 2008.04.17. N 7/7-IV шешімімен.*

51. Тұрғын үйді ұстау шығындары мөлшері - 1 шаршы метрге 10 теңгеден;

52. Газ шығындары мөшері бір айға адам басына шаққанда - 7,6 кг.

53. Лифт қызметтерін пайдалану мөлшері- бір адамға 200 теңге.

*Ескерту. 53-тармаққа өзгерістер енгізілді - Риддер қалалық мәслихатының 2008.04.17. N 7/7-IV шешімімен.*

54.Электроэнергияны пайдалану мөлшері:

- 1) бір адам тұратын жағдайда - 100 кВт;
- 2) екі адам тұратын жағдайда (әрқайсысына) - 95 кВт;
- 3) үш және одан көп адам тұратын жағдайда (әрқайсысына) 85 кВт.

*Ескерту. 54-тармаққа өзгерістер енгізілді - Риддер қалалық мәслихатының 2008.04.17. N 7/7-IV шешімімен.*

55. Жылумен, газбен, сумен қамтамасыз ету, қоқыс шығару бойынша шығындар және тұрғын үйді ұстау шығындарын пайдаланудың тарифтері мен нормативтері "Риддер қ. экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ

б е л г і л е н е д і .

*Ескерту. 55-тармаққа өзгерістер енгізілді - Риддер қалалық мәслихатының 2008.04.17. N 7/7-IV шешімімен.*

## **8. Кондоминиум және ЖПК нысандарының жалпы мүлігін толық жөндеуге жіберілген шығындарды қайтару тәртібі**

56. Кондоминиум және ЖПК-ның жалпы мүлігінің толық жөндеуіне жіберілген шығындарды қайтарудың құқығы, тұрғын-үй көмегін алуға құқығы бар отбасы мен тұлғаларда бар.

57. Өтініш берген кезден бастап жылына бір рет осы мақсаттарға жіберілген шығындардың жалпы жиынында бекітілген 100% көлемінде ақшалай төлемдер ретінде шығындарды қайтару жасалады.

Сонымен қатар тұрғын-коммуналды шаруашылық және құрылыс ісі бойынша уәкілетті органында сараптаманы өткен сметамен келісілген толық жөндеуден өткізу үшін қаралған жалпы шығындар сомасының бөлігі шегінде тұрғын-үй көмегін алушыларға төлем анықталады.

58. Кондоминиум және ЖПК нысандарының (іргетас, сыртқы қабырға және аппаратын құрылғылар; баспана; баспалдақ (алаң, марштар) және ішкі қабырғалар; инженерлік коммуникация және құралдар; өзгелер (кіре беріс есігі, фрамуги және т.с.с.) жалпы жиналыста қажетті жұмыстарды орындаудың тізімі мен кестесі бар "Риддер қ. тұрғын-коммуналды шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильді жолдар бөлімі" ММ (қарау актісі) жазбаша өкіміне сәйкес жалпы мүлігіне толық жөндеудің бөлек түрлерін жүргізудің кезегі пәтерлердің жеке меншігімен жасалады.

59. Кондоминиум және ЖПК-ның жалпы мүлігін толық жөндеудің шығындарын қайтаруға құқығы бар отбасы мен тұлғалары келесі құжаттарды б е р с і н :

- ш а р т - ө т і н і ш ;
- тұлғалығын куәландыратын құжат (түпнұсқасы мен көшірмесі);
- азаматтарды тіркеу кітабы (түпнұсқасы мен көшірмесі);
- пәтердің төлқұжаты (түпнұсқасы);
- баспанаға құқығын куәландыратын құжат (түпнұсқасы мен көшірмесі);
- толық жөндеуге бөлінген мақсатты жиынның көлемін анықтайтын жеке меншік пәтерлердің жалпы жиналысының шешімінен үзіндісі (көшірме);
- кондоминиум мен ЖПК жалпы мүлігіне толық жөндеу жүргізуге мақсатты жиынды төлеу туралы түбіртектері;
- жөндеу жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдар мен жеке меншік пәтерлер кооперативтерімен, баспана меншіктерінің арасында жасалған, кондоминиум мен ЖПК-ның жалпы мүлігіне толық жөндеуді жүргізудің келісімі (көшірмесі);
- кондоминиумның жалпы мүлігіне толық жөндеу бойынша жұмыстардың

жүргізілген қабылдау-тапсыру актісінің көшірмесі.

60. Толық жөндеуге жіберілген шығындарын қайтаруға, алушылардың жинақ жеке шотына жіберілген соманы жіберу жолымен екінші деңгейдегі банктің бөлімі арқылы жасалады.

*Ескерту. Шешім 8-тараумен толықтырылды - Риддер қалалық мәслихатының 2008.04.17. N 7/7-IV шешімімен.*

Қалалық мәслихат хатшысы

А. Ермаков

Риддер қалалық

мәслихатының

5

сессиясының

2007

жылғы

26

желтоқсандағы

№ 5/3-IV шешіміне № 2 қосымша

1. Қалалық мәслихаттың XVI сессиясының 2005 жылғы 25 наурыздағы № 16/5-III «Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы Нұсқау» шешімі (2005 жылғы 14 сәуірде № 2275 Шығыс-Қазақстан облысы Әділет департаментінде тіркелген, 2005 жылғы 22 сәуірде № 16 «Лениногорская правда» газетінде жарияланған).

2. Қалалық мәслихаттың XXX сессиясының 2007 жылғы 15 ақпанындағы № 30/7-III «2005 жылғы 25 наурыздағы № 16/5- III «Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы Нұсқау» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі (2007 жылғы 20 ақпанда № 5-4-54 Риддер қаласы әділет басқармасында тіркелген, 2007 жылғы 23 ақпанда № 8 «Лениногорская правда» газетінде жарияланған).

3. Қалалық мәслихаттың XXXIII сессиясының 2007 жылғы 25 шілдедегі № 33 /6-III «2005 жылғы 25 наурыздағы № 16/5- III «Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы Нұсқау» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі. (2007 жылғы 07 тамызда № 5-4-66 Риддер қаласы әділет басқармасында тіркелген, 2007 жылғы 16 тамызда № 33 «Лениногорская правда» газетінде жарияланған).

Қалалық мәслихат хатшысы

А. ЕРМАКОВ